

"2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Явленка ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 24/122 шешіміне өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 26/138 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 сәуірде № 4640 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 106 бабына, 109-1 бабы 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Явленка ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 24/122 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4490 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылдың 22 қаңтарында жарияланды) келесі өзгертулер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Явленка ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 64 003 мың теңге;

сонымен қатар:

салық түсімдері 23 600 мың теңге;

салыққа жатпайтын түсімдер 0 мың теңге;

негізгі капиталдан түскен түсімдер 0 мың теңге;

трансферттер түсімдерінен 40 403 мың теңге;

2) шығындар 64 003 мың теңге;

3) бюджет тапшылығы (профицит) 0 мың теңге;

4) тапшылық орнын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану) 0 мың теңге.";

2-1 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"2-1. 2018 жылға арналған Явленка ауылдық округінің бюджетінде аудан бюджетінен нысаналы трансферттердің түсетінін ескере отырылсын, соның ішінде:

бағдарламалық өнімдерді сатып алуға, сүйемелдеуге және қызмет көрсетуге және ағымдағы шығыстарға;

мерекелік күндерге баннерлерді жасауға;

"Болашақ" орталық саябақта абаттандыру бойынша жұмыстар;

сахна үшін бейнелемені сатып алуға;

Явленка ауылында модульдік дәретхананы сатып алуға және орнатуға;

жолдардың ағымдағы күтулеріне (жолдарды төсеу);

шеңберлі антенасы бар станцияны сатып алуға және орнатуға;

Явленка ауылында Коваленко көшесі бойынша тратуарды абаттандыру бойынша іс-шараларға.

Көрсетілген трансферттердің бөлінуі 2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Явленка ауылдық округінің бюджеті туралы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округі әкімінің шешімімен анықталады.";

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихаты

сессиясының төрайымы

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

Хатшысы

Ә.Оспанова

А.Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

2018 жылғы 27 наурыздағы

№ 26/138 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

2017 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 24/122 шешіміне

1 қосымша

2018 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Явленка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сынып	Ішкісінып	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер	64 003

1			Салық түсімдері	23 600
	01		Табыс салығы	16 800
		2	Жеке табыс салығы	16 800
	04		Меншікке салынатын салықтар	6 800
		1	Мүлікке салынатын салықтар	140
		3	Жер салығы	111
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	6 549
4			Трансферттер түсімі	40 403
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан трансферттер	40 403
		3	Аудандық (облыстық маңыздағы қаланың) бюджетінің трансферттері	40 403
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері	Бағдарлама	Атауы	2018жыл сомасы (мың теңге)
			II. Шығындар	64 003
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 052
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 052
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 859
		022	Мемлекеттік сипаттағы күрделі шығындар	193
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17 382
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 382
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 200
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6 688
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	217
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6 277
12			Көлік және коммуникациялар	10 832
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 832
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	10 832
13			Басқалары	13 737
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	13 737
		040	2020 жылға дейін өңірлерді дамыту Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша елді мекендерді жұмыспен қамтамасыздандыру сұрақтарын шешу үшін іс-шараларды іске асыру	13 737

		III. Қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо	0
		IV. Бюджет тапшылығы (профицит)	0
		V. Тапшылық орнын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК